

1. Алекперов В. Основные тенденции в нефтяном бизнесе. - М., 2006. – С. 152-196
2. Черников А.П. Стратегия развития региона (структурный аспект). - Новосибирск: ИЭ и ОПП СО РАН, 2000. - 166 с.
3. Максимов С. Энергетический диалог: Россия и США // Мировая энергетическая политика. - 2002. - №4.

\* \* \*

Мақалада мұнай өнімдері нарығы инфрақұрылымын тұрақтандырудың төрт кезеңнен тұратын үлгісін жасаудың өзекті мәселелеріне арналған, яғни мұнай өнімдері нарығының бағалап, негізгі сипаттамасын беру, нарықтағы шоғырлану мен бәсекелестік қабілеттілікті бағалау және қорытынды бағалауды жүргізуді қамтиды.

In article considers problem infrastructures of the market mineral oil to workings out of model of stability which including four cores stages: to estimate and give basic characteristics of the market of mineral oil and spend concentration estimation and competition on the market oil refining and also to make a total estimation.

**ӘӘЖ 631.02.**

### **АГРОҚҰРЫЛЫМДАРДЫ ІРІЛЕНДІРУ ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН**

#### **АРТТЫРУДЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ**

**Сериков Б.**

*“Сырдария” университеті*

Қазақстан республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың “Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” атауымен халықта Жолдауында: “Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі ең төмені және жылына бір жұмыс істеушіге 3 мың доллар шамасында келеді. Ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш 50-70 мың долларды құрайды.

Ауыл үшін өсу перспективасы міне осында. Сондықтан біздін міндетіміз – 2014 жылға қарай агроенеркеспіткі кешенде өнімділіктері кем дегенде екі есе арттыру” деп атап еткен. [1]

Елбасының агроенеркесіп саласын дамыту бойынша алға қойған міндеттері Оңтүстік Қазақстан облысының суармалы жерлерге мамандандырылған мақта өсіру, өндіреу және еткізу кешеніне толығымен тиісті проблема. Сондықтан бірінші кезекте еңбек өнімділігінің қазіргі деңгейін талдау және оны арттыру жолдарын қарастыру өзекті мәселе. Оның сыртында мақта өсіру мен жинаудың 1 га еңбек сыйымдылығы жоғары, соның ішінде қол еңбегінің үлесі басым.

Көпжылдық зерттеулер мен озық тәжірибе мақта өсіруде 1 жұмысшыға жүктеменің мөлшері 4-5 га тең екендігін көрсетті. Бұл өлшем шаруашылықтың техника және технологиялармен жарақтану деңгейіне қарай өзгеруі мүмкін. Қазіргі заманғы техникамен жарақтану деңгейі жоғары қосындылар мен агрокұрылымдарда 8-10 га дейін жеткізуі, тиісінше еңбек өнімділігін арттыруды жобалау қажет.

Қазіргі жағдайда қалыптасқан 1 га алынатын өнім 2,0 тонна, 1 тонна шитті мақтаның рыноктағы сату бағасы 52 мың теңге (2000-2008ж.), 1 жұмысшыға өндірілетін шитті мақтаның көлемі 6-8 тонна, ақшалай мәндегі еңбек өнімділігі 312-446 мың теңге (2080-2973,3 АҚШ доллары) аралығында ауытқиды. Бұл көрсеткіш әлем және ішкі рыноктардағы бағаның өзгерушешендігіне байланысты құбылма сипатқа ие.

Алайда суармалы жерлерде мамандандырылған мақта кешенін өндірістік-экономикалық тұрғыдан терен зерттелмesten реформалауды жүзеге асыру өндіруші агрокұрылымдарды ұсақтауарлы етіп қалыптастыруды. Біздің зерттеулеріміздің нәтижесі бойынша олардың жалпы санының 79,3 %-ның егістік көлемі 1-10 га дейін, 78 %-ның меншігінде топырақты өндейтін тракторы, ауылшаруашылығы сайман-жабдығы жоқ немесе тозығы жеткен.

Егістіктің контурларының шекті болуы жалпы өнімнің, табыстының, пайданың мөлшерлерін шектейді. Сонымен қатар қалыптасқан жағдай жоғары өнімділікпен жұмыс істейтін қазіргі

заманғы техника мен технологияны сатып алуға, тиімді пайдалануға қарама-қайшы келіп тұр. Қазіргі жағдайда есік тозығы жеткен техникамен, ұсақконтурлы егістіктерде өнбек өнімділігін арттыру қурделі мәселе, оны зерттеу және шешімін тауып ғылыми-практикалық тұжырымдар жасау көкейтесті мәселе.

Енбек өнімділігін арттырудың экономикалық механизмі үш топтағы факторлардан құралады:

- 1) 1 га егістіктің өнімділігін арттыру;
- 2) материалдық-заттық ресурстарды дұрыс бөлу және пайдалану жолымен тиімділігін арттыру;
- 3) қол еңбегін механикаландыру, жаңа технологиямен техниканы ендіру арқылы шығындарды қысқарту.

Бірінші, өнімділікті арттыру мақсатында: суармалы жерлерді қалпына келтіру үшін инвестиция салу; жаңа жоғары өнімді селекциялық сорттарды ендіру және аудандастыру; интенсивті агротехнологияны қолдану, агрокүрьымдарды басқаруды жетілдіру және соңғы нәтижеге қызықтыру іс-шараларын жузеге асыру жолымен өнімділікті 5-8 ц. арттыру мүмкіндігін пайдалану;

Екінші, мақта өндіруде пайдаланылатын табиғи-материалдық ресурстар: ағын су, жанаржагар май, минералды тыңайтқыштар мен химикаттар, ақша құралдарын үнемді, тиімді пайдалану әрі өнімділікті арттыруды, әрі шығындарды қысқарту;

Үшінші, агрокүрьымдарды ірілендіру жер пайдалану коэффициенттері 15-18 % арттырады, өнімділігі жоғары қазіргі заманғы техника мен технологияны лизинг жолымен алушын экономикалық-қаржылық және қомақты несие алушын мүмкіндіктерін жасау;

Осы факторларды бір кезеңде іске қосу жолымен технологиялық жақақтану деңгейі жоғары кәсіпорындар мен агрокүрьымдар 1 жұмысшыға жүктемені 8-10 га ұлғайтуға, тиісінше енбек өнімділігін арттыруға қол жеткізуге болады.

Осыларға байланысты енбек өнімділігін арттырудың басты факторы бір тауарөндіруші агрокүрьымдарды ірілендіру және бұл шара мынадай артықшылықтар береді:

- еңбекті тиімді бөлу және кооперация негізінде ұйымдастыруға;
- енбек өнімділігін және пайдалылық деңгейін арттыру арқылы бәсекелестікке қабілетті кешен қалыптастыруға;
- ғылыми негізделген, мамандандырылған шаруашылықты ұйымдастыру және ауыспалы егіс жүйесін ендіру, егістік құрьымды диверсификациялау арқылы топырақтың құнарын және табыс түсімін арттыруға;
- озық инновациялық технологияны және жоғары өнімді техниканы, озық суару жүйелерін қолдану мүмкіндігі;
- өндіріске инвестиция бағыттауға, қомақты несие алуға, лизинг ұйымдастыруға, қорлар мен ресурстарды тиімді пайдалану және қайтарымын жоғарылатуға жол ашуы;
- ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын осы негіздерде жақсартуға.

Ұсақтауарлы ауыл шаруашылық құрьымдарды бірлестіруді Қазақстан Республикасы “Шаруа (фермер) қожалықтары туралы”, “Өндірістік кооперативтер туралы” және “Ауыл шаруашылық серіктестіктер мен олардың ассоциациялары (одақтары) туралы” заңдарына сәйкес кәсіпкерлікті ұйымдастыру туралы келісім-шарт негіздерінде жузеге асыруға болады.[2-3]

Тауарөндірушілер өз ресурстарын (жер, капитал, енбек) біріктіріп, белгілі бір шаруашылық міндеттерді шешу бағытында өз қызметтерін үйлестіреді. [4]

Ауыл шаруашылығы ұсақ тауарөндірушілерді біріктіру өндірістің жоғары өнімді технологиямен және пайдалылық деңгейін өзін-өзі қаржыландыруды қамтамасыз ете алатындаш шаруашылық құруға мүмкіндік береді.

Бізге белгілі болғандай ауыл шаруашылық серіктестіктері мен шаруа қожалықтарының мақсаттары әртүрлі. Ауыл шаруашылық серіктестіктері тек ақылы қызмет көрсету арқылы табыс табады, олар: ұсақ шаруа қожалықтарына техникалық қызмет көрсету, өнімдерді өткізу және басқа қызметтер. Бұл қызметтердің құны тауар өндірушілер өндірген өнімнің өзіндік құнына кіреді.


Жоғарыдағы жағдайға байланысты екі жақ бірлесіп, яғни шаруа қожалықтары мен серіктестіктер қосылып, аралас ауыл шаруашылық серіктестіктерін (AAC) құрған тиімді. Бұл құрьымның негізгі мақсаты: ауыл шаруашылығы тауарларын өндіру, өткізу ғана емес, сонымен қатар өндіруші кәсіпорынмен бірлесіп, жауапкершілігі шектеулі (ЖШС) серіктестік құрып

өткізілген, өнделген өнім құны арқылы шығындардың, несиенің, лизингтің қайтарымын камтамасыз ету.

Бұл мәселе КР-ның «Ауылшаруашылық серіктестіктері мен олардың қауымдастыры (одағы) туралы» Занында анық жазылған. (25 желтоқсан 2000жыл)

Серіктестік өз мүшелерін өнімін өткізгенде оны иелігіне меншіктеп алмайды, тауар өндірушілер серіктестікке өнім өткізумен байланысты шығындарын (серіктестік қызметінің жалақысын, көлік тасымалдау және басқа) төлеуі тиіс. Өнімнің өзіндік құнымен жоғары бағаға өткізген кезде тускен пайда тауар өндірушілердің пайдасы болып саналады. ЖШС құрамында бақылау және басқару құқығы AAC-нің құзырында болып, «Шаруа (фермер) қожалықтары туралы» Занда белгіленген тауарөндірушілердің құқығы сакталады.

Ұсақтауарлы шаруа қожалықтарын AAC (аралас ауылшаруашылық серіктестігіне) біріктіру жолымен ірі тауарлы өндірісті ұйымдастыру 1-суретте келтірілген.



1-сурет. Мақта кешенінде ATK-ге біріктіру жолымен ірі тауарлы өндірісті ұйымдастыру.

Мұндай жағдай өндеу кәсіпорнының монополистік баға белгілеумен және басқа өндірушілердің мүддесіне қарама-қайшы іс-әрекеттерден сақтандырады, жалпы кәсіпкерлік үдерісте тауарөндірушілерге басымдық береді. Жоғарыдағы схемада көрсетілгендей қомақты қаржы ресурстары (несие), женілдетілген бағадағы материалдық ресурстар “Казагро” және “Казагро қаржы” АҚ-нан ATK (занды тұлғаға) арқылы ЖШС-ға (МТС) беріледі. Несие ресурстарының қайтарымы (есеп айырысу) келісім-шарт негізінде өндеу кәсіпорны арқылы немесе “мақта қол хаты” дайын тауар құнымен жүзеге асырылады. Бұл жерде тауар өндірушілер де және өндеуші кәсіпорнының да коммерциялық мүдделері сақталады, ыргакты іс-әрекет жасауга мүмкіндік жасалады.

Мақта кешенінде жүргізілген зерттеулердің нәтижесіне сүйеніп ірілендірілген орта тауарлы агрокұрылымдардың параметрлері, өндірістік-экономикалық көрсеткіштер жобасы 1 кестеде келтірілген.

**1-кесте.** Орта тауарлы ірілендірілген агрокұрылымдардың өндірістік – экономикалық көрсеткіштері (1. Бастапқы кезең – 4 нұсқа)

Параметр өлшемдері	Орта тауарлы (рационалды) агрокұрылымдар варианты			
	1	2	3	4
Мақта алқабы, га	130-195	195-260	260-325	325-390
өнім, ц/га	24,0	25,0	26,0	27,0
Жалпы өнім, тонна	312-468	488-650	676-845	878-1053

Орташа жұмысшылар саны, адам	26-39	39-52	52-65	65-78
Жалпы өнімнің құны, млн. Тенге	15,0-22,5	22,5-31,2	31,2-40,6	40,6-50,5
1 га мақта алқабынан түсім, мың тенге	115,2	120,0	124,8	129,6
1 орташа жұмысшыға түсім, мың тенге	576,9	576,9	600,0	624,6
1 тонна шитті мақтаның сату бағасы, мың тенге	48,0	48,0	48,0	48,0
1 тонна шитті мақтаның өзіндік құны, мың тенге	44,0	40,0	38,0	37,0
Пайдалылық деңгейі, %	9,1	20,0	26,3	29,8
Балтау тракторының саны, бірлік	2-3	3-4	4-5	5-6
Шыңжырлы трактор саны, бірлік	2	3	4	5
Макта жинаитын машинадар саны, бірлік	2	2	3	4
Тіркемелер саны, бірлік	6	6	9	12

Ескертпе – Автордың есептеулері бойынша құрастырылған

Ұсынылған өндірістік-экономикалық көрсеткіштердің 4 вариантағы жобасында орта тауарлы шаруашылықтардың мақта алқабы 130-195, 195-26, 260-325, 325-390 га, капитал, еңбек ресурсы осы көрсеткіштерге онтайлы арақатынаста болуы қажет.

Іріләндірудін вариантының есептеуде экономикалық критерилер ретінде төмендегі өлшем көрсеткіштері анықталған:

- жер өнімділігінің көрсеткіші ретінде: 1 га егістікке өнімнің түсім құны 115,2-129,6 мың тенге;
- еңбек өнімділігінің көрсеткіші ретінде 1 жұмысшыға өнімнің түсімінің ақшалай мәні 576,9-624,6 мың тенге;
- актық нәтиже көрсеткіші ретінде өндірістің пайдалылық деңгейі 9,1-33,3 %. [5]

Өнірде мақта кешенінде ғылыми негізделген ауыспалы егіс жүйесі ендіріп, егістік құрылымын жетілдіру көзделген. Бұл негіздеу бойынша мақта кешенін диверсификациялау: мақта егістігін базалық мөлшерін енгізу, дақылдар құрылымын жетілдіру жолымен мақта -65%, жоншқа - 25%, жүгері -7,5%, картоп, бақша, көкөніс-2,5% ғылыми негізделген ауыспалы егіс жүйесін енгізіп, топырақтар құнарын арттыру, сорлаудан сақтандыру тиімділікті және бәсекелестікке қабілеттілігін арттырады.

**2-кесте. Мақта кешенінде орта және ірі агрокұрылымдардың дақылдар бойынша өнім, еңбек және ресурстардың шығыны**

Көрсеткіштер	Агрокұрылымдар тобы	
	орта	ірі
1. Өнім, ц/га: шитті мақта жүгері дәні жонышка (кургақ шөп)	25-27 35-40 70-80	28-30 50-55 90-100
2. Еңбек шығыны, а/сағат 1 га: шитті мақта жүгері дәні жонышка (кургақ шөп)	986 180-280 55	884 150-180 48
3. 1 ц өнімге, адам /сағат: шитті мақта жүгері дәні жонышка (кургақ шөп)	39,4-36,5 5,2-5,0 0,60-0,62	31,6-29,5 3,0-3,3 0,53-0,48
4. 1 а/сағат бағасы, тенге: шитті мақта жүгері дәні жонышка (кургақ шөп)	20,2 14,2 13,6	20,1 13,5 12,1

Ескертпе - технологиялық карталар және нормативтік анықтамалар бойынша автор құрастырылған

Жаңа индустримальды-инновациялық технологиялық жетістіктерді өндіріске ендіру жолымен әр гектардан орташа өнімділікті 25-30 центнерге жеткізу, кешенді механизкаландыру, жаңа техника мен агротехнологияны ендіру, соның ішінде мақтаны мәшиннемен жинау деңгейін 65-70% жеткізу, қол еңбегін ығыстыру есебінен 1 га-ға еңбек шығындарын 986-884 адам/сағатқа дейін қысқарту, өзіндік құнын 15-20% арзандату, бір жұмысшыға өндірілетін шитті мақтаның көлемін яғни еңбек өнімділігі 12-15 тоннаға жеткізу негізделген.

Жоғарыда кестеде – 2 мақта кешенінде орта және ірі агрокұрылымдардың әртаратанған егістік құрылымы, еңбек өнімділігі және ресурстардың шығындары көлтірілген.

Еңбек шығынын 1 ц. шитті мақтаға орта агрокұрылымдарда: 39,4-36,5 адам/сағат, ал ірі шаруашылықтарда 31,6-29,5 адам/сағатқа дейін қысқарту көзделген.

Бұл көрсеткіштердің ақшалай мәні 624-780 мың тенгені (4216,0-5405 АҚШ долларын) құрайды яғни қазіргі жағдаймен салыстырында 1,8-2,0 есе артады.

Жоғарыдағыларды қорытындылай келе агрокұрылымдарды ірілендіру: қазіргі заманғы жоғары өнімді, бір кезеңде бірнеше операцияны орындайтын, кең қанатты агрегаттарды қолдануға, еңбек өнімділігін, өнімді арттыруға және шығындарды қысқартуға өндірістік-экономикалық мүмкіндік туындалады.

1. Н.Ә.Назарбаев. “Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” Халықта Жолдау // Егемен Қазақстан, №34-35, 30 қантар 2010.
2. КР “Шаруа (фермер) қожалықтары туралы” Заны.-Алматы – Юрист – 2003.
3. КР “Ауыл шаруашылығы еріктестіктері және ассоциациялары (одактары) туралы” Заны: Алматы – Юрист – 2003.
4. А.В. Чаянов., “Крестьянское хозяйство”. Москва – Экономика – 1989.
5. Б.Серіков., “Мақта саласында агрокұрылымдарды оңтайландыру (ірілендіру) және типтік шаруашылық моделінің ұйымдық-экономикалық негіздері”. Алматы: Ernurprint, 2008.

\* \* \*

Укрупнение мелкотоварных агробизнесов создает объективные производственно-экономические условия для применения современной высокопроизводительной техники, повышения урожайности и сокращения затрат, а в конечном счете повышения производительности труда 1,8-2,0 раза.

The Integration of small-scale agroproductions creates objective production-economic conditions for crushing the large powered technology, increasing to productivities and reductions of the expenseses, and in final count of increasing to capacity of the labour 1,8-2,0 times.

ӘӨЖ 631.10

## СУАРМАЛЫ ЖЕРЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУДА ИННОВАЦИЯ-ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ КЕПІЛІ

Серіков Б.

“Сырдария” университете

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың “Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” атауымен 29 қантар 2010 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы агроОнеркесіп кешенде дамытудың жаңа стратегиясын айқындал берді. Бұл стратегия үш бағытта жүзеге асырылуы көзделген [1]:

- АгроОнеркесіп кешенінде еңбек өнімділігінің 2014 жылға қарай кем дегенде екі есеге арттыру;
  - 2014 жылға қарай азық-түлік тауарлары ішкі рыногының 80 %-дан астамын отандық тағам өнімдері құрауы тиіс;
  - жаңа рыноктарға жол ашу және игеру жолымен экспорттың әлеуетті жүзеге асыру.
- Жолдауда өткен кезеңде аса көңіл белінбей жүрген жалпы экономиканың, оның ішінде халықтың өмір сұру деңгейін, ауыл шаруашылығы өндірісінің жағдайын тағы басқаларды бағалауда маңызды экономикалық категория еңбек өнімділігін арттыру мақсаты қойылғаны қуанарлық жағдай.

Қазақстанның Оңтүстігінде мақта кешенінің даму тарихы қуан және тәлімі жерлерді суландырумен тікелей байланысты. Бұл өнірдің өндірістік күштерінің даму әлеуеті, халықтың әлеуметтік-экономикалық ахуалы рыноктың қатынас жағдайында жердің көлеміне және құнарына тікелей байланысты болып, маңыздылығы арта түсті. Суармалы жерлердің басқа жерлерге қарағанда өзіндік артықшылығы бар.

АгроОнеркесіп кешенінде еңбек өнімділігін арттырудың басты бағыты суармалы жерлердің өнімділігін арттыруға бағытталуы ең тиімді жол.

К.Маркс суармалы жердің артықшылығын былай жазған: «Суармалы емес жермен салыстырғанда, бірдей жер көлемінде он-он екі адам көп жұмыспен қамтылады және олар он екі немесе он бес есе көп пайда алады» [2].